

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 306 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 маусым N 710.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясы арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 306 Р980306_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 11, 84-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1, 5 және 6-тармақтарда "Ақпарат" деген сөздің алдынан "Мәдениет," деген сөзбен толықтырылсын;

2) 2 - тармақта: "1993 жылғы 22 қаңтардағы" деген сөздер "1997 жылғы 5 қыркүйектегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрі - А.С.Сәрсенбаев" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі Олег Григорьевич Рябченко" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-тармақта "Хабар" агенттігі" республикалық мемлекеттік

кәсіпорнының Бас директоры Д.Н.Назарбаева" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі Ардақ Дүкенбайұлы Досжан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК